

1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 Жарлығын жүзеге асыру шаралары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1997 жылғы 25 наурыздағы N 77

"Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 6 наурыздағы N 3398 U973398_ Жарлығын жүзеге асыру мақсатында:

1. Әкімдердің аталған Жарлықты жүзеге асыру жөніндегі қызметін тексеру, түсіндіру жұмыстарын жүргізу үшін облыстарға арнайы құрылған комиссиялар жіберілсін.

1997 жылдың 4 сәуірінде жоғарыда аталған Жарлықты жүзеге асыру барысы, облыстарда және Алматы қаласында шағын кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі істердің жай-күйі қаралатын Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәжілісі өткізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі мына мерзімдерде:

25 наурызға дейін аймақтарда шағын бизнеске қолдау көрсету және оларды дамыту, жергілікті атқарушы органдардың осы бағыттағы қызметін бағалау жөніндегі есептіліктің нысанын әзірлесін;

1 сәуірге дейін өндіріспен айналысатын шағын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер үшін электр энергиясы бойынша қуатқа, жылуға, суға, канализацияларға қосылғаны үшін ақы төлеуді тоқтату жөнінде ұсыныс енгізсін;

10 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп мемлекеттік бақылаушы және инспекциялаушы органдарға шарттық негізде шаруашылық жүргізуші субъектілермен және жеке кәсіпкерлермен өзара қарым-қатынасын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін қолданылып жүрген заң актілері мен ережелерді тоқтату туралы ұсыныс енгізсін;

15 сәуірге дейін бұл рәсімді баспасөзде жариялау арқылы өндірістік мақсат үшін пәтерлер мен тұрғын үйлердің подвалдарын қайта жоспарлау жөніндегі құжаттарды тегін келісудің және берудің оңайлатылған рәсімін енгізсін;

1997 жылдың 20 сәуіріне дейін "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қорын құру туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасын әзірлесін және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

1 мамырға дейін әрбір қызмет үшін ақының мөлшерін және мұндай ақы қашан алынатындығы жағдайларын көрсете отырып, баспасөзде орталық және жергілікті атқарушы органдарға ұсынылатын ақылы қызмет көрсетулердің тізбесін жарияласын;

20 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен, Ғылым министрлігі - Ғылым академиясымен, Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері

жөніндегі ұлттық агенттігімен бірлесіп (келісім бойынша) мониторингі және шағын және орташа бизнестің инфрақұрылымын дамытуды жүзеге асыруға арналып республикалық бюджетте көзделген қаражаттардың шегінде 1997 жылға арналған бұқаралық ақпарат құралдарында шағын бизнеске қолдау көрсету мәселелерін көрсету шараларының жоспарын әзірлесін және оны бекітсін. Осы шаралар жоспарын орындауға арналған тапсырысты, орындаушылардың арасында олардың ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан конкурстық негізде орналастырсын. Жеке меншік шағын кәсіпорынды ашу, өндірістік қызметтің жекелеген түрлерін (тері өндірісі, металл, пластмасса және ағаш бұйымдарын дайындау, құрылыс материалдарын өндіру және басқалар) кеңейту мәселелері жөнінде арнаулы брошюралар шығаруды, теледидар, радио бойынша хабарлар циклын ұйымдастырсын. Бұл хабарлардың орталық және жергілікті (облыстық, қалалық) каналдар бойынша жүйелі түрде шығуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:

15 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігімен келісім бойынша өндірістік объектілер мен алаңдарды, офистік үй-жайларды бөліп-бөліп төлеумен сату, кейіннен меншігіне беру құқығымен жалға немесе сенімді басқаруға беру туралы, құрылысы аяқталмаған мемлекеттік объектілерді шағын кәсіпкерлік кәсіпорындарына беру жөнінде тендерлер өткізу туралы ережелерді бекітсін және оларды баспасөзде жарияласын;

1 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен келісім бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері мен жеке кәсіпкерлердің мемлекеттің қатысуы арқылы екінші деңгейдегі банктерде ақы алынбастан шоттар ашуы мәселесін шешсін.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Экономика және сауда министрлігімен келісім бойынша 15 сәуірге дейінгі мерзімде жер учаскелерін шағын бизнес субъектілеріне бес жылға дейін бөліп-бөліп төлеумен сату жөнінде конкурстар өткізу туралы ереже әзірлесін, оны бекітсін және баспасөзде жарияласын.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, басқа да мүдделі органдар онда шағын бизнесті қолдау жөніндегі мемлекеттік органдар шешімдерінің жобаларын талқылауды ұйымдастыруды назарға ала отырып 1997 жылдың 27 наурызында Қазақстан Республикасы кәсіпкерлерінің форумын өткізу жөнінде әзірлік жұмыстарын ұйымдастырсын.

6. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының және осы өкімнің негізінде 10 сәуірге дейін аймақтардағы шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдау көрсетуді жандандыру шаралары жөніндегі облыстардың және Алматы қаласы бойынша іс-шараларды әзірлесін және Экономика және сауда министрлігімен келіссін.

7. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.Т.Дүйсенов 27 наурыздан бастап апта сайын селекторлық кеңестерде "Шағын кәсіпкерлікті дамытуға мемлекеттік қолдауды күшейту және оны жандандыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының 5-тармағының орындалу барысы туралы осы өкімнің 2-тармағына сәйкес жасалған есептілік көрсеткіштері бойынша облыс әкімдерін тыңдасын.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК